

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарларға салынатын акциз ставкалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 27 шілде N 644. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.13. N 960 қаулысымен.

"Акциз туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1992 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
қ а у л ы е т е д і :

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарларға салынатын акциз ставкалары 1993 жылғы 1 тамыздан бастап қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Аталған тауарлар бойынша акциз төлеушілер Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес анықталатын кәсіпорындар, ұйымдар болып табылады.

Аталған тауарлар бойынша салық салу объектісі Қазақстан

Республикасының кеден заңдарына сәйкес анықталатын кедендік құн болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген тауарлар бойынша акциз төлеу кедендік баж салығын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі. Акциздер төлеудің мерзімін кейінге қалдыруға болмайды.

Акциздердің тағайындалуы мен төленуіне бақылауды Қазақстан Республикасының салық және кеден органдары жүзеге асырады.

Ескерту. Бірінші тармақтың бірінші абзацының күші жойылды деп танылсын - ҚРМК-нің 1994 ж.

24 мамыр, N 556 қаулысы).

1-тармақтың бірінші абзацы ішінара күшін жойған - ҚРМК-нің 22.06.1994 ж. N 701 қаулысымен.

1-тармақтың 2 абзацынан сөздер алынып тасталған, 4 абзац сөйлеммен толықтырылған және 1-тармақ

жаңа абзацпен толықтырылған - ҚРМК-нің 15.11.1993 ж.
N 1126 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп 1993 жылдың 1 қыркүйегіне дейін нормативтік актілерге тиісті өзгерістер енгізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 27 шілдедегі
N 644 қаулысына

Қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше - мемлекеттерден
тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарларға
салынатын

Акциз ставкалары

(Кесте)